

мен жағдаяттық тапсырмаларды жиі орындатуға бейімдеу арқылы тіл үйренушінің қазақша таным-түсінігін молайтып, ой-өрісін жетілдіруге, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға әбден болатындығын күнделікті тәжірибеде көріп жүрміз. Сондықтан біздер, оқытушылар, осы мәселені басты назарда ұстауымыз керек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы, 1996.
2. Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис. – Алматы: Ғылым, 1997
3. Төлегенов О. Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модальді және мақсат мәнді жәй сөйлем типтері. – Алматы: Мектеп, 1998
4. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – Астана, 2006
5. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мұрагер, 2005 -154б.
6. Азаматтық құқық. М.К.Сүлейменов. Ю.Г.Басин. – Алматы, 2003.
7. ҚР Азаматтық Кодексі 05.06.2006ж. 159-бап, 11-тармақ

#### З.Н.Жуынтаева

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қауымдастырылған профессоры,  
филология ғылымдарының кандидаты

А.Р. Балапаш, магистрант

### ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ СӨЗ ТІРКЕСІН ОҚЫТУ

Елдің дамуы, ертеңі-болашақ ұрпақ. Қазіргі заманның талабына сай болашақ ұрпақты саналы, бәсекеге қабілетті, жан-жақты үйлесімді етіп тәрбиелейтін, осы қасиеттерге ие қылдыратын – мұғалім.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін әр мұғалім өзі жаңа технологияларға ашық және икемді болу керек. Үнемі ізденісте болып, шығармашылыққа жақын, креативті, ұтқыр болуы маңызды рөл атқарады. Сабағын қызық өткізу үшін түрлі жаңа технологияларды сабағында қолданып, тиімдісін іріктейді [1].

XXI ғасырда сабақты қызықты, миға қонымды, жүйелі, тиімді өткізу үшін түрлі технологиялар пайда болып, сабақ барысында жүзеге асуда. Өзіндік ерекшелігімен мұғалімдердің назарына ілініп жүрген жаңа технологиялардың бірі-деңгейлеп оқыту технологиясы қазіргі кезде тиімді қолданылуда.

Деңгейлік идеясы шетелдердегі педагогика ғалымына 1920 жылдардың басында енген. Мысалы, жалпы Кеңестік педагогикада деңгейлік оқыту мәселесін Лошнова О.Б. «Деңгейлік саралап оқыту», Фирсов В.В. «Міндетті нәтижеге негіздеп деңгейлеп оқыту», Беспалько В.П. «Тапсырмалардың қиыншылығын есепке алу әрекетінің төрт деңгейі» ретінде қарастырылған.

Сондай-ақ, деңгейлеп саралап оқыту технологиясының дидактикалық, педагогикалық, психологиялық негіздемесі Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Н.П.Гузиктің «Сынып ішіндегі деңгейлеп –саралап оқыту технологиясы» В.Занковтың дамыта оқыту жүйесі В.М.Монаховтың, В.П.Беспальконың және басқа да көптеген ғалымдардың ғылыми-теориялық идеяларына негізделіп жасалған [2, 26 б.].

Деңгейлеп оқыту идеясының авторларының бірі Н.П. Гузик сыныптағы білім алушыларды да, соған сәйкес оқу бағдарламаларын да А, В, С – үш деңгейге бөлуді ұсынды.

«А» бағдарламасындағы тапсырмалар базалық стандарт түрінде белгіленеді. Оларды орындай отырып білім алушы пән бойынша қайталау деңгейінде нақты материалды меңгереді.

«В» бағдарламасын орындамас бұрын «А» бағдарламасындағы тапсырмаларды әрбір білім алушы орындауға міндетті. «В» бағдарламасын қолдануға арналған жаттығуларды орындау үшін қажет, ол білім алушылардың оқу, ой-әрекетінің арнайы тәсілдерін меңгеруін қамтамасыз етеді. Сондықтан бұл бағдарламаға бірінші деңгейдегі материалды кеңейтетін, негізгі білімді дәлелдейтін, суреттейтін, нақтылайтын ұғымның қолданылуы мен жұмыс істеуін көрсететін қосымша мәліметтер енгізіледі.

«С» бағдарламасының орындалуы білім алушыларды алған білімді шығармашылықпен қолданылатын деңгейге көтереді. Өз білімімен мәселелер шешуде білім алушыға оның логикалық ойлауын дамытатын мәліметтер беріп, оны шығармашылықпен қолдану болашаққа жол ашады.

Г.Ғ. Еркібаеваның деңгейлеп оқыту технологиясы басқа ғалымдардыкіне қарағанда өзгеше. Ол оқушыларға тапсырмаларды 3 деңгейге бөліп береді:

- Бірінші топқа «4–5»-ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар береді.

- Екінші топқа «3–4»-ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға іздену түріндегі тапсырмалар дайындайды.

- Үшінші топқа «2–3»-ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға жалпыға ортақ тапсырмалар береді. Г.Ғ. Еркібаеваның пайымдауынша, әр топтағы білім алушылар өз бағыттары бойынша ізденіп, дамып отырады [3].

Ал, Ресей ғалымы В.П. Беспалько бұл деңгейлерді:

1. «Міндетті», «оқушылық».

2. Алгоритмдік .

3. Эвристикалық .

4. Шығармашылық , - деп төртке бөлді.

1. Репродуктивтік деңгей – жалпыға бірдей стандартты білім негізінде тапсырма беріледі. Мұндай тапсырмалар оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқушыға байланысты.

2. Алгоритмдік деңгей – мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған ақпаратты пайдалана отырып орындайды.

3. Эвристикалық деңгей – оқушы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді қолдана отырып жауап береді.

4. Шығармашылық деңгей – оқушының таза өзіндік шығармашылығын байқатады. Жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгереді. Деңгейлеп оқыту әр оқушының белсенділігін оятады [4]

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы 1988 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үдерісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді. Профессор Ж. А. Қараев деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылады. Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау [5,205 б.].

Қазақ тілі сабағында профессор Ж.Қараев насихаттап жүрген деңгейлеп – саралап оқыту технологиясын пайдаланған тиімді деп есептейміз. Қараевтың деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы мынадай 4 түрге бөлінген:

1. Жаңа өтілген тақырыпты қайталау, пысықтау , ереже жаттау.

2. Ойлау қабілеттерін жетілдіру.

3. Танымдық іздену.

4. Ұғым , түсінік , қиялын тәжірибеде қолдану талаптарын қояды. [6].

Әр деңгейдің өзіндік талаптарына сәйкес тапсырмалар жүйесі жасалынады. Деңгейлік тапсырмаларды іріктеп алудың басты ұстанымдары төмендегідей:

- **Тапсырманың қызықтылығы.** Тапсырманың ішкі мазмұны мен оны орындау жолдары қызықты болуы керек. Сонда оқушы әр тапсырманы аса қызығушылықпен орындайды. Бұл үшін шарты әр түрлі болып келіп, құрылымы түрліше ұйымдастырылып отырғаны жөн.

- **Тапсырма мазмұнының жүйелілігі.** Тапсырманың мәні мен мазмұны, ішкі құрылымы мағыналық жағынан жүйелі байланыста болуы тиімді. Сонда оқушының ойы, сана-сезімі бірыңғай мәселе төңірегіне жинақталады. Тапсырма мазмұнының жүйелілігі оқушының ойлау жүйесін қалыптастыруға негізделеді.

- **Тапсырманың жетекшілігі.** Тапсырма өтілетін тақырыппен тікелей байланысты болуы керек. Тапсырма түрліше формада ұйымдастырылып, тереңдетілген мазмұнда берілуінің өзі, ең бастысы, бағдарламада берілген тақырыпты меңгертуге бағытталады. Қандай тапсырмада болсын (I, II, III, IV деңгейлердегі) тақырып жетекші роль атқарады.

- **Тапсырманың танымдылығы.** Тапсырмалар мазмұнының танымдылық сипаты басым болуы керек. Оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал ететіндей терең мазмұнды болуы тиіс.

Осы ұстанымдарды негізге ала отырып, сөз тіркесін оқытуға байланысты берілетін тапсырмалар жүйесін мысалға қарастырсақ.


Мектеп бағдарламасын алып қарайтын болсақ сөз тіркесі 8 сыныпта синтаксис тарауында, «Ғарышты игеру жетістіктері» бөлімінде оқытылады. Сөз тіркесіне байланысты мәселені оқыту үшін, ең алдымен, сөз тіркесінің табиғатын, өзіндік мәнін ашып алу қажеттігі бірінші орында тұрады. Осындай қажеттілікті шешу, біріншіден, сөз тіркесін өзіне ұқсас тұлғалардан атап айтқанда, сөйлемнен, атаулы сөйлемнен, атау мәнді тіркестерден, фразеологизмдерден, түйдекті тіркестерден, сондай ақ күрделі сөздерден бөліп алып, өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсету қажет болса, екіншіден, сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен формаларын тілдік материалдардың негізінде айқындап алу керек.

8 сынып оқулығында «Сөз тіркесі. Есімді және етістікті тіркестер. Тұрақты тіркестер» деген бірінші тақырып берілген. Бұл тақырып «Ғарышты игеру жетістіктері» бөлімінде берілген.

Деңгейлік тапсырмаларды орындамас бұрын оқушыларды үш топқа бөліп аламыз. Топты геометриялық фигураларды (жұлдызша, үшбұрыш, төртбұрыш) бір-бірден таңдатқызып, бөліп аламыз. Таңдалған фигуралар арқылы оқушыларды топтап отырғызып, деңгейлік тапсырмаларға көшеміз.

1- деңгей. Сөз тіркесі дегеніміз не? Сөз тіркесі мен тұрақты тіркес ұқсастығы мен айырмашылығын венн диаграммасын қолданып, оқулықтағы ережеге сүйеніп салыстырыңыздар.

Бірінші топ сөз тіркесінің ерекшеліктерін бірінші дөңгелекке, екінші топ ортасындағы дөңгелекке сөз тіркесі мен тұрақты тіркестің ұқсастықтарын, үшінші топ тұрақты тіркестердің ерекшеліктерін үшінші дөңгелекке жазып шығады.



Нәтижесінде осындай айырмашылықтар мен ұқсастықтарды тізіп жазады.

Сөз тіркесінің ерекшелігі:

- әрбір сыңарының дербес мағына бере алуы;
- әрбір сыңары жеке сұраққа жауап береді;
- тіркестерінің сыңарларын орны жағынан ауыстыруға болады

Тұрақты тіркес ерекшелігі:

- олар тұтасымен бір лексикалық мағына береді;
- бір сұраққа жауап береді;
- орны жағынан тұрақты, тіркес сыңарларын басқа бір сөздермен ауыстыруға болмайды

Ұқсастығы:

- кемінде екі сөзден құрылады;
- сөйлемнің құрамында қолданылады

Бұл тапсырманы орындау барысында оқушылар сөз тіркесінің басты негізгі ерекшеліктерін бірге танып, тұрақты тіркестен ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыра отырып бір-бірінен ажыратуға дағдыланады.

2-деңгей. «Сықырлы сандық» ойыны. Сандықтың ішінде бірнеше сөз тіркесі мен тұрақты тіркестер берілген. Тақтаға әр топтан бір-бірден оқушылар шығып:

1. кестедегі бағандарға тұрақты тіркестер мен сөз тіркестерін бөліп орналастырады;
2. тұрақты тіркестердің мағынасын ашады;
3. орнына отырып сөйлем құрайды.

Нәтижесінде :

- сандықтың ішіндегі сөздерді осылай бөліп орналастырады, мағынасын ашады.

Сөз тіркестер	Тұрақты тіркестер
ұшқыш болу	Қоян жүрек (қорқақ)

ғарышкерлер тамағы	тайға таңба басқандай (анық)
жер қозғалысы	таяқ тастам жер (жақын),
әдемі ғаламшар	Қой аузынан шөп алмас (момын)
күннің жарығы	Жүрек жұтқан (батыр)

- тұрақты тіркестердің мағынасын естерінде сақтайды;
- сөз тіркестері мен тұрақты тіркестерді өз орнымен қолдануды, сөйлемді дұрыс құрастыруды, ойын жеткізе білуге үйренеді;
- бірінші деңгейден жинаған білімдерін практикалық жүзінде пайдалануға дағдыланады.

3-деңгей. Мәтіннен сөз тіркестерін теріп жазыңыздар. Бірінші топ 1-2 азат жолға шейін, екінші топ 3 азат жолды, үшінші топ 4 азат жолды талдайды. Теріп жазған сөз тіркестерінің қандай сөз таптарынан жасалғанына мән беріп, бірінші бағанға есімді тіркестерді, екінші бағанға етістікті тіркестерді бөліп жазыңыздар. Неліктен есімді, неліктен етістікті, тіркестер деп аталатынына түсінік беріп, ереже шығарыңыздар.

Юрий Алексеевич Гагарин 9 наурызда 1934 жылы Смоленск облысында дүниеге келген. КСРО ұшқыш-ғарышкері, ғарыш кеңістігіне сапар жасаған бірінші адам, полковник, Кеңес Одағының Батыры.

1951 жылы Мәскеу маңындағы Люберцы қаласындағы колөнер училищесін, 1955 жылы Саратов индустрия техникумын бітірген. 1955 жылдан Кеңес Армиясы катарында болған. 1957 жылы 1-Чкалов әскери-авиация ұшқыштар училищесін бітіргеннен кейін, Солтүстік флоттың жойғыш авиациялық бөлімдерінде қызмет етті.

1960 жылы ғарышкерлер қатарына алынды. 1961 жылдан ғарышкерлер отрядының командирі болды. 1961 жылы 12 сәуірде тарихта тұңғыш рет "Восток" ғарыш кемесімен *Байқоңыр* ғарыш алаңынан ғарышка ұшты. Ол Жерді айналып ұшып, 1 сағ 48 минуттан кейін Жерге қайта қонды. Бұдан кейін ол ұшқыш-ғарышкер ретінде өзінің ұшу шеберлігін жетілдіріп, ғарышкерлерді үйретіп - жаттықтыру ісіне тікелей араласып, ғарыш кемелерінің ұшу процесін басқаруға қатынасып отырды.

1968 жылы Әскери-әуе инженерлік академиясын бітірді. 1964-1968 жылдары ғарышкерлерді даярлау орталығы бастығының орынбасары болды. 1966 жылдан Астронавтика халықаралық академиясының құрметті мүшесі, Ленин орденімен, медальдермен және көптеген шет ел ордендерімен марапатталған. Гагаринге Чехословакияның Социалистік Еңбек Ері, Болгарияның Батыры, Венгрияның Еңбек Ері атақтары берілді. 1968 жылы Халықаралық авиациялық федерациясы Ю.А. Гагарин атындағы алтын медаль тағайындады. Ресейдегі ғарышкерлерді даярлау орталығы Гагарин атындағы Ресей ҒА-ның ғылыми-зерттеу орталығы, дүние жүзінің көптеген оқу орындары, қалалар, көшелер мен алаңдар Гагарин есімімен аталады.

Талдау үлгісі:

Юрий Алексеевич Гагарин 9 наурызда 1934 жылы Смоленск облысында дүниеге келген.

Есімді тіркестер	Етістікті тіркестер
Юрий Алексеевич Гагарин 9 наурызда	9 наурызда дүниеге келген
Юрий Алексеевич Гагарин Смоленск облысында	1934 жылы дүниеге келген
Смоленск облысында	Юрий Алексеевич Гагарин дүниеге келген
1934 жылы Смоленск облысында	Смоленск облысында дүниеге келген
	Дүниеге келген

Берілген сөз тіркестеріне қарайтын болсақ, сөз тіркесінің екі сыңардан тұратынын байқаймыз. Бірінші сыңары бағыныңқы сөз, ал екінші сыңары басыңқы сөз деп аталады. Бағыныңқы сөз-тірек сөздің мағынасын нақтылап, даралап сипат беретін бірінші сөз. Мысалы: **Смоленск** облысында.

Басыңқы сөз-сөз тіркесін жасауға тірек болатын екінші сөз. Смоленск **облысында**.

Басыңқы сыңарларын қай сөз табынан болғанына назар аударатын болсақ, есімді сөзден болған сөз тіркесін есімді сөз тіркесі деп атаймыз, етістіктен болғанын етістікті сөз тіркесі деп атаймыз.

Бұл тапсырманы оқушы орындау барысында:

– мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнына мән береді, өзіне керекті мәлімет алады;

– өзі ізденіп, мәтіннен сөз тіркесін тауып үйренеді;

– сөз тіркесінің басыңқы және бағыныңқы сыңардан тұратындығын, олардың белгілі бір сөз табынан жасалатынын меңгереді;

– Есімді сөз тіркесі мен етістікті сөз тіркесінің айырмашылығын аңғарып, өзіндік ереже, қорытынды жасауға дағдыланады.

4-деңгей. Берілген суретке қарап Ғарыш, аспан әлемі жайлы әңгіме құраңыздар.



Бұл деңгейде оқушы сөз тіркесі жайлы алынған білімдерін практикалық жүзінде пайдаланып, бекітуге, ой-қиялына ерік беріп, шығармашылықпен айналысуға ынталанады.

Бұл тапсырмаларға қарап бірінші деңгейден әрі қарай тапсырмалар бірте – бірте күрделенгенін байқаймыз. Деңгейлік тапсырмалар сөз тіркесі туралы тақырып мазмұнын кең ашуға, оқушының ойлау қабілетін үйренушілік деңгейден теориялық деңгейге бағыттап құрылды. Бұл технология арқылы оқушы сөз тіркесі жайлы көптеген жетістіктерге өзі жетіп ізденеді. Тапсырмаларды орындау барысында сөз тіркесі, оның тұрақты тіркестен айырмашылығы, сөз тіркесінің есімді және етістікті болып бөлінетінін байқап, алған білімдерін практика жүзінде өмірмен байланыстырып, ойын дұрыс жеткізуге, сөйлем, әңгіме құрау барысында сөз тіркестерін дұрыс қолдануға дағдыланады.

Деңгейлеп оқыту технологиясына сәйкес барлық оқушы өз қызметін ең төменгі деңгейдегі тапсырманы орындаудан бастайды да, тапсырманы орындауына байланысты келесі деңгейге көшіп отырады мұндай жағдайда оқушылар арасында өзара жарысу мен қатар әр оқушының өзіндік деңгейіне сай білім алуы қамтамасыз етіледі. Өзіне деген сенімі артып, шығармашылық қабілеті шыңдалады. Қиналған сәттерінде өзара ақылдасып тапсырманы орындауға тырысады. Оқытуды деңгейлік саралауға негіздеп құру әр деңгейдің мақсатын дәл анықтап, соған сәйкес дидактикалық процесті ұйымдастырып нәтижені бағалауға мүмкіндік береді. Сабақ жүргізудің ең басты және аса күрделі мәселелерінің бірі- сабақ үстінде оқушылардың әр қайсысының өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес оқушыларды әр деңгейлі дифференциалды оқытуға баулу. Сабаққа, сөз тіркесін тануда оқушылар ынта – ықыласпен араласып сабақ жоғары іскерлікпен өтуі үшін, оқушыларға берілген тапсырмалар әр деңгейлі дифференциалды болуы керек.

Бұл технология барысында оқушының оқу материалдарын дайын күйінде алу ғана емес, өздігімен алған білімдерін жүйелі қысқа да нұсқа тез жылдамдықпен жеткізу дағдысын қалыптастырады. Осының нәтижесінде оқушы қазақ тілі сабағынан білімді сапалы меңгереді.

Қорыта келгенде деңгейлеп оқыту технологиясын сөз тіркесін оқытуда қолдану жеке тұлғаны деңгейлеп-саралап оқытуға, оқушы өзін-өзі дамытуға, өздігінен шығармашылықпен, ізденушілікпен жұмыс істей алу қабілетін және біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін, нәтижелілігін қамтамасыз етуді көздейтін, берілген материалды жедел әрі сапалы меңгертуге бағытталған жаңа технологиялардың бірі. Сөз тіркесін оқытуда ақпараттарды толық әрі жан-жақты білімдерін жетілдіріп, өте тиімді әрі жүйелі, оқушылардың бойындағы

қызығушылықты оятатын технология екеніне көзімізді жеткізуге болады. Деңгейлік тапсырмалар ауқымы өте кең .

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. // Қ.М, 2/6 шілде ,1999.
2. Қожамқұлова Ж.Ж. Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар. -Алматы, 2013.-26 б.
3. Жунисбекова Ж. А. Дифференцированное обучение учащихся / Ж.А. Жунисбекова // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. — 2015. — № 11. — С. 748–751.
4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологий. – М.:«Педагогика»,1989ж. 21-38 б.
5. Бөрібекова Ф.Б.,Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. - Алматы, 2014. – 360 б.
6. Қараев Ж.А. Дамыта оқыту технологиясы.-Алматы,2001.-35 б.

**Қазанбаева Айнагүл Зікірқызы**  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды  
университетінің қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.  
kazanbaeva67@mail.ru

### ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ – ТИІМДІ ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗІ

Қазіргі кезеңде білім беру саласында және еліміздің рухани өмірінде елеулі өзгерістер болып, жаңалықтар еніп жатқаны мәлім. Бүгінгі жас ұрпақтың рухани кеңістігін қалыптастырудың алғышарты мектепте жасалады. Хакім Абайдың «...Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де-ақымақтық», - деп отырғаны тегін емес. Бүгінгі ақпарат ғасыры теңдесі жоқ білімді, іскерлікті, озық ойды, ұлт алдындағы жауапкершілікті талап етеді. XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, зейінді, дарынды, талантты, ұлтжанды тұлғасын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Білім мен ғылымның Қазақстан дамуына оңтайлы әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңістікке ену, білім беруді одан әрі демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Осы тұрғыдан алғанда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, инновациялық технологияларды қазіргі уақытта әрбір пәннің ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы.

Қазақстан білім стандартының жасалуы, жаңа оқулықтардың жазылуы, жаппай компьютерлендіру, инновациялық технологияды қолдану, білім сапасын арттыру, әлемдік білім кеңістігіне ену, кредиттік технологияға көшу мақсатындағы жұмыстардың бәрі – еліміздің жаңалыққа талпынысының куәсі. Қазіргі таңда жалпы орта білім беретін мектептерінде қазақ тілі пәнінің берілу сапасына заман талабы артып отырғаны мәлім. Қазіргі жас ұрпақ өз Отанына адал қызмет ететін талабы мен біліктілігі, білімі мен мәдениеті жоғары, бәсекеге қабілетті, әлемдік өркениетке ұмтылған, мемлекеттік тілді жетік меңгерген, өз пікірін еркін айта алатын маман болуы қажет. Осы талапқа сай оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы оқушылар шығармашылығын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру, осыған орай оқытудың жаңа технологияларын енгізе отырып, білім беру мен тәрбиелеу-мұғалімдер алдындағы басты міндет.

Инновация – жаңалыққа талпыну, бұл жай ғана сөз емес немесе еліктеушілік емес, қатал шындық, өмір қажеттілігі. Мемлекеттік тілді жан-жақты меңгертуде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеу – қазіргі кезеңде ең өзекті мәселелердің бірі. Үйретілетін тілдік материалдарға, жалпы оқу бағдарламасына өзгерістер еніп, бұрынғыға қарағанда күрделеніп, тілді үйретудің әдіс-тәсілдерінің де жетілдіріліп жатқаны да белгілі. Қазір әдістеме ғылымында «оқытудың жаңа технологиясы» деген ұғым кеңінен қолданылуда. Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланыста. Екеуінің де мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдары. Инновация дегеніміз – білім, тәрбие жұмысына жаңалық енгізу,